

ISSN 1563-0269
Индекс 75871; 25871

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Тарих сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК КазНУ

Серия историческая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

JOURNAL

of history

№2 (85)

Алматы
«Қазақ университеті»
2017

Бисенбаев Пазыл¹, Кәрібозов Ерхан²

¹Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан, е-mail: fazy_l_bisenbaev@mail.ru, тел.: +7 777 251 8019
²Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан, е-mail: erhan.karbozov@kaznu.kz, тел.: +7 707 2010276

**«ЖАСАУЫЛ ҚЫРҒЫНЫ» ДАСТАНЫ:
НҰСҚАЛАРЫ МЕН ТАРИХИЛЫҒЫ**

Қазақ фольклорында XIX ғасырдың орта шенінде орын алған «Жасауыл қырғыны» оқиғасы туралы жыр-аңыздар біршама. Мақала авторы Нұрхан Ахметбеков жырлаған екі нұсқаның тарихи шындыққа қатысы туралы айта отырып, қазақ ішіне кең тараған шығарманың идеялық мазмұнына көніл бөледі. Сонымен бірге Кенесары-Наурызбай туралы тарихи-фольклорлық үлгілерді жинап, зерттеу мәселесі де автор назарынан тыс қалмайды. Кенес үкіметі билік құрған дәүірде Кенесары көтерілісіне қатысы бар шығармаларды жариялауға тыйым салынғаны белгілі. Сол тұста Кенесарыны қаралайтын «Жасауыл қырғыны» туындысы гана бірнеше рет басылып шыққан еді. Ақын хан Кене жаппас руының биі Алтыбай Кобековті жазықсыз өлтірді деп айыптаиды. Мұрагат құжаттарына сүйенген автор Кенесарының бұл оқиғага қатысы жоқ екенін дәлелдей шыққан.

Түйін сөздер: нұсқа, жанр, поэма, корініс, курсес, акын, бейне, фольклор, автор.

Bissenbaev Pazil¹, Karibozov Erhan²

¹Kazakh national Al-Farabi University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: fazy_l_bisenbaev@mail.ru, tel.: +7 777 251 8019
²Kazakh national Al-Farabi University
Kazakhstan, Almaty, e-mail: erhan.karbozov@kaznu.kz, tel.: +7 707 2010276

**Dastan «The Death of the Cessation»:
Variations and Historicism**

In the Kazakh folklore in the middle of the XIX century there were various songs-legends about the historical events reflected in the zhyre Death of the Jesuilar. They are known in several variants. The author of the article speaks about two variants, executed by Nurkhan Akhmetbekov. These variants are related to the historical reality of the time of Kenesary and, thanks to their ideological content, they have received a wide distribution in the Kazakh people. At the same time, the author of the article does not disregard the problems of research of folklore and historical samples, which tell about the khan of Kenesary and Nauryzbaev batyr. It is known that during the reign of the Soviet government it was forbidden to publish works related to the era of Kenesary. At the same time, the works that denigrate the khan Kenesary and the work Death of the Cessation were repeatedly published from the press. So, for example, akyn-singer accuses Khan Kenesary of the death of an innocent biya from the genus Altybai Kobekov. Backed by archival documents, the author refutes such events, which have nothing to do with the personality of Khan Kenesary.

Key words: variant, genre, poem, phenomenon, struggle, akyn, image, folklore, author.

Бисенбаев Пазыл¹, Карібозов Ерхан²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан, e-mail: fazyl_bisenbaev@mail.ru, тел.: + 7 777 251 8019

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан,
e-mail: erhan.karbozov@kaznu.kz, tel.: + 7 707 2010276

Дастан «Смерть есаула»: варианты и историзм

В казахском фольклоре в середине XIX века имели место различные песни-сказания об исторических событиях, отраженных в жыре «Смерть есаула». Они известны в нескольких вариантах. Автор статьи говорит о двух вариантах, исполненных Нурханом Ахметбековым. Эти варианты имеют отношение к той исторической действительности времени Кенесары и получили благодаря своему идейному содержанию большое распространение в казахском народе. Вместе с тем автор статьи не оставляет без внимания и проблемы исследования фольклорно-исторических образцов, повествующих о хане Кенесары и Наурызбае батыре. Известно, что в период правления советской власти было запрещено публиковывать произведения, имеющие отношение к эпохе Кенесары. В то же время из печати неоднократно выходили произведения, очерняющие хана Кенесары и само произведение «Смерть есаула». Так, например, акын-исполнитель обвиняет хана Кенесары в смерти ни в чем не повинного бия из рода жаппас Алтыбая Кобекова. Опираясь на архивные документы, автор статьи опровергает подобные события, не имеющие никакого отношения к личности хана Кенесары.

Ключевые слова: вариант, жанр, поэма, явление, борьба, акын, образ, фольклор, автор.

Kіріспе

Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісінің түрлі кезеңдерін бейнелейтін тарихи жылдардың көркемдік-идеялық мазмұны, олардың әмір шындығына катысы, жанрлық сипатты осы уақытқа дейін арнағы зерттеу өзегіне айналға алмай, тұтас күйінде гылыми айналымға түстеп келеді.

Оның үстінен бір кезде негізінен кенестік идеологияның сұранысы мен талаптарын камтамасыз еткен «Жасауыл қыргыны» сияқты та-нымал туындыларды жана дәуір түргысынан жан-жакты талдаудың, объективті түрде бага берудің уақыты пісіп жетті. Осындай гылыми-рухани қажеттіліктің нәтижесінде атапған шыгармалардың анау кенес үкіметі заманындағыдан тек жақсы жақтарын белгілі бір шеңбер көлемінде қарастырумен шектеліп қалмай, әр қырынан сөз етіп, кемшіліктерінің де қандай сипатта екендігін ашып көрсету әдебиет тарихы алдындағы зәру мәселе демекпіз.

Сонымен бірге «Жасауыл қыргыны» жырының нұскаларындағы көркемдік-эстетикалық факторларды зерделеумен бірге, уақыт, заман шындығының суреттеле сипаттын, олардың бойындағы тарихи-тәнімдік мәселелердің қозғалуы деңгейін анықтау, жырдың жазылу, жариялану кезеңдерін саралап ашып көрсету қажеттілігі де күн тәртібінде.

Такырыпты жан-жакты игеру үшін мынандай мақсат-міндеттерді шешу көзделіп отыр:

- «Жасауыл қыргыны» дастанының әдебиет тарихында алатын көркемдік-эстетикалық орнын айқындау;

- Дастанды жазылу кезеңдеріне орай жіктеп, олардың замана шындығын қаншалықтың нәкты әрі көркемдік деңгейде бейнелей алғандығын саралтау.

«Жасауыл қыргыны» дастаның кенес дәүірі кезеңінде көркемдік-идеялық таланттар түргысынан әр кезеңде, әр жылдары бірлі-жарым сөз болғанын атап айтту керек. Бірақ таза көркем туындылармен бір санатта қарастырылып келгендікten, олардың тарихи жырдың табигатына тән белгілері скшеліп көрсетіле қойған жок.

Кейінгі тәуелсіздік кезеңінде «Жасауыл қыргыны» туындысы жайында пікір айтудың галымдар болмады. Бір сөзben айтқанда, такырыптың зерттелуі епостану таланттары түргысынан қанағаттанарлық деңгейде деп үзілдікесілді тұжырым жасау кын.

Макалада жүйелі-кешенді, салыстырмалы-тарихи әдістер колданылды. Жыр мәтіні мұрағат мәліметтерімен, аныз-әңгімелердің колжазба үлгілерімен салыстырыла отырып, өзгешеліктері мен ортақ қасиеттері айқындалады. Сол арқылы жыр нұскаларының даму жолдары белгіленеді.

Дастаниның жиналуды мен жариялануды

Кенесары-Наурызбайдың ел тәуелсіздігі жолындағы күресі, азamatтық бітім-болмысы бейнеленетін тарихи-фольклорлық үлгілердің мазмұнымен үйлеспейтін, көрісінше, олардың қатыгездігін, елге жасаған зорлығын әшкерелесуге бағышталған тарихи шыгармалар да ұшырасады. Мұндай туындыларда халық кадірлекен тарихи тұлғалардың міні баса көрсетіліп, ақынга

жакын ортасын би-мырзасы ел үстеган батыр денгейінде дәріптеледі. Белгілі ақын Нұрхан Ахметбеков жыrlаган «Жасауыл қырғыны» – дәп осындай шыгарма (Ахметбеков, 1972: 11-52).

«Жасауыл қырғыны» туралы аныз-әңгімелер, олең-жырлар халық арасына XIX ғасырдың слуінші жылдары тараған бастады. Бұл оқиғаны алғаш айтушылардың бірі хан Кененің көзін көрген аргын ішіндегі Орман деген кісі скен. Орманның соң оның баласы Өтесу де осы хикаяны таратушылар катарынан табылыпты. Нұрхан Ахметбеков кейін Орманның қалған әлгі әңгімені қайта жаңғыртып, қолемді дастанға айналдырып жырлайды. Жыр шамамен 1926 жылдары хатқа түсіп, 1936 жылдары Орталық кітапхананың колжазба корына откен (ОФК., 1936: 3-15).

1930 жылдардың соңына қарай, Ұлы Отан соғысының карсаңында, Кенесары қозғалысының халықтық сипаттын айқындаған, азаттыл бағыттағы котеріліс деп бага берген мақалалар жарияланған бастады. Осы кезеңде Кенесары туралы тарихи-фольклорлық үлгілер зерттеу объектісіне айналып, біраз туындылар мектеп оқулықтарына да енген болатын. Содан соң Қ. Бекхожин, Ә. Сәрсенбаев, Е. Ысмайлов сынында каламгерлер Кенесары-Наурызбай жайындағы тарихи жырлар мен түрлі жаңрдағы фольклорлық шыгармаларды топтастырып, қолемді жинақ құрастырды (ОФК., 1939). Бір өкінішті, олар дайындаған жинақ әлі күнге жеке кітап қалында жарық көрген жоқ. Нұрхан Ахметбеков жыrlаган «Жасауыл қырғынының» алғашқы нұскасы идеялық мазмұны үйлеспегендіктен, ол топтамага енбей қалған-тұғын. Содан бері жырдың бұл нұскасы да баспасөз бетінде жарияланған емес. Соғыстан кейін коммунистік партия өзінің идеологиялық саясатын күшейте бастады, соғыс алдындағы, соғыс кезіндегі бұра тартуларды түзеуге көшті. «Правда» газеті «Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын» деген макала басып, «ұлтшылдық қателері үшін» әдебиетшілер мен тарихшыларды сынға алды. 1951 жылдың сәуір айында, Қазақстан Жазушылар одагының жанындағы партия үйімінің ашық жиналысында, Орталық Комитеттің осы макала жөніндегі қаулысы талқыланды. Жиналыс барысында сойленген сөздер «Кенесары – халықтың қас жауы» деген атпен «Әдебиет және иссөттөштік» журналының мамыр айындағы санында жарияланды. Е. Бекмаханов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайлов сынында ғалымдар халық жауы ретінде тұтқындалып, 25

жылға сотталды. Мұхтар Эуезов, Қаныш Сәтбаев бастаган біраз ғалымдар қызметтерінен босал қалды. «Мұндай күгіндар мен асыра сілтесулер Коммунистік партияның жергілікті ұлттарға сенбесуінен, олардың ұлттық мұдделерімен есептеспей, күштеп үстәу саясатынан туындаған еді. Ұлттық интеллигенттерге артында бакылауыш барын мезгіл-мезгіл ескертіп койып отырлы, оны корқытып үстaugа тырысты» (Кирабаев, 1998:87-88).

Осындай аласалыран уақытта ел аузыңа іліккен, мактау-марапатқа ие болған жалғыз шыгарма Нұрхан Ахметбековтің «Жасауыл қырғыны» поэмасы еді. Бұл жоғарыда сөз болған «Жасауыл қырғынының» түбесіндегі озгерген, қайта жазылған үлгісі-тұғын. Жырдың көп озгеріске түсүне сол кездегі идеология саласындағы қызметкерлердің ықпалы зор болған сиякты. Өйткені соңғы нұскада Кенесарының қаралайтын эпизодтар молайып, қоюдана түсken. Сонымен, «Жасауыл қырғыны» айтыс додасында жүріп, «Торғайдың топжарғаны» атанған, «Қарға», «Есім сері», «Қамарлы заман», «Амангелді» дастандарын шыгарған Нұрханның ақындық жолындағы үлкен бір белес санауды. Осы шыгармасы үшін ақынға Қазақ ССР Министрлер Советінің Жамбыл атындағы сыйлығы берілді.

«Жасауыл қырғыны» туындысының тарихи негізі

«Жасауыл қырғыны» поэмасының екі нұскасы да хан Кене мен оның жорықтас серіктерін қаралудан басталады. «Хан Кененің әкесі Қасым қолына кан үстап туып, қанкүмар болыпты, оның төнірегіндегілер жан-жактан қашып қосылған ұры-карды екен», – дейді бастапқы нұскада. Бұл нұсканың кіріспе болімі елу екі жолдан аспайды. Осы кіріспе екінші нұскада толықтырылып, 552 жолға жеткен. Жыр қайталау, эпитеттер есебінен басқа «Алтыбай казасы» сөз болатын эпизодтың қосылуымен ұлттайған. Бастапқы нұскада аттары атамайтын Кенесары батырлары Бұқарбай, Құрман, Шәкірлерге мінездеме беріліп, түгелдей қаракышылар санатына қосылған.

Қазақ әдебиетіндегі хан-сұлтандарды, сонын ішінде Кенесарының катыгездігін айттып, халыққа қарсы қоятын туынды жалғыз «Жасауыл қырғыны» гана емес, мәселен, Сәкен Сейфуллин «Көкшетауында» мынадай жолдар бар:

Касым хан туттанин-ақ канға күмар,
Дірлдеп олім күткен жанға күмар.
Андан кан уыстап тұган мұндар,
Кан ұрттап жүрсө гана конілі тынар
(Сейфуллин, 2004:218).

Илияс Жансүгіровтің «Құйші» поэмасында:

Баласы Абылайдын Кене ме екен,
Сорыма Құдай айдан келген екен.
Нашардың канын сорып, жанын жеген,
Хан емес, кара қабан деген екен.
Бұлардың жүрген жері бұлік екен,
Қансорғыш, каралардың сұлтігі екен
(Жансүгіров, 2004:203), –

деп бейнеленеді.

Жоғарыдағы жыр шумақтарынан үстем тап екілдері мен бұқара халықтың арасына қытай корғанын орнатқан уақыттың шындығы көрінеді. Сонымен бірге бұл шыгармаларда ақындардың ел билеуші өктем жандардың жинақталған бейнесін сомдау амалдары байқалады. Ал «Жасауыл қыргынындағы» жағдай бұдан басқаша. Жыр жесісінен Жангабыл Төлегеновтің спектейтін ортандың осы оқиғага көзқарасын анғаруға болады. Олар «Жасауыл қыргыны» әнгімесін таратып, насиҳаттаумен қатар, Кенесары туралы шыгармаларға да түзету енгізген. Мәселен, 1923 жылы Халел Досмұхамедов жариялаган «Кенесары-Наурызбай» жырының Жүсіпбек Басығарин нұсқасында шыгарманың идеялық мазмұнымен мүлде үйлеспейтін:

Кашкан-пыскан жыйылып,
Өз алдына кол болды...
Жұртқа тиіп кесірі
Әркімдерге сор болды.
Қыргызға барып қырылып,
Ит пен күска жем болды
(Хан Кене, 1993:17-18), –

деген жолдар кездеседі. Бұл нұсқаны Жаппас ішіндегі сумұрын Ораз ақынға жырлатып, әйгілі шыгармага түзету енгізіп жүрген Жүсіпбек Басығарин – хорунжий Алтыбай Қебековтің тұган немересі, «Жасауыл қыргынындағы» басты қаһарман Жангабыл Төлегеновтің жақын туысы. Жүсіпбек ол аз болғандай, осы кітаптың сонына «Кенесары-Наурызбайға қосымша» деп айдар тағып, Жангабыл ағам Алтыбайды өлтірген Кенесарыдан кек қайтарды, 100 адамын өлтірді, куалап қыргыз асырып жіберді деп мақтанады. Он үш жыл болыс болғанда, «бірінші болыс» атандым дейді Жүсіпбек. Нысанбай жырын ондеп, озгертуге тырысқан Басығариннің

Жангабыл туралы тұындылардың көнірек таралуына мұдделі екені рас. Қалижан Бекхожин «Жасауыл қырган» атымен малім болған алғашкы нұсқаның бірінші бетіне: «Бұл поэманды халық жауы Жүсіпбек Басығарин шыгарғанға ұксайды», – деп жазыпты. Ақын ағамыз жырды тудырушы Нұрхан болғанымен, жырлатып отырған Жүсіпбек деген ойын оргата салып отырғандай көрінеді. Біз де жырдың Алтыбай, Жангабыл үрпактарының колдауымен дүниеге келуі мүмкін деген болжамға кол коямыз.

Ал енді «Жасауыл қыргыны» поэмасының екінші нұсқасында көнінен баяндалатын Алтыбай әнгімесін көшелік. Хан Кене Арка казактарының басын курап жиын ашады. «Ендігі үш жүздің баласы менің иелігімде, орыстан алыс конындар! Ақылдасым – Қокан үкіметі, ішер асым, мінер атым – мына сендерсіндер!» – дейді. Хан Кененің бұл сөзін жаратпаған Алтыбай би Сыр бойына кошіп кетпек болып камданып жатқанда, хан Кенеге «Алтыбай сізді даттап жүр!» деген хабар жетеді. Хан Кененің тапсыруымен Наурызбай бастаған жасауылдар бидін ауылын шауып алады. Осы жерде Наурызбайдың бір сәбіді анасының бауырынан жұлып алып, наизага шашып көкке котергені, оның нөктерлерінің сл-жүртті аяусыз тонаганы біраз сөз болады. Сонымен бірге Өске деген ақынның Кенесарыны келеке стіп шыгарған өлеңі үшін Балғожа бидін де шапқыншылыққа ұшыраганы айттылған. Эрі қарай Наурызбай Алтыбай бидін қол-аяғын байлап, Кенесарының алдына алып келеді. Хан Кене: «Оны халықтың ортасына алып шығып өртнедер!» – деп бұйырады. Алтыбай жалындан жанып жатып: «Жангабыл! Жангабыл! Жангабыл!» деп үш рет айқайлады. Алтыбайдың өлімін көзі көрген жұрт хан Кенеге карғыс айттып, теріс айналады.

Нұрхан Ахметбековтің Алтыбай бидін казасынанатысыбаросы оқиғаны ойдан шыгармағаны көрініп тұр. Себебі фольклорлық тұындыларда, Омар Шипиннің «Жеті батырдың тарихы» атты жазбасында, Есмабет Үсмайыловтың «Қазақ әдебиетінің тарихындағы» макаласында, тіпті Е. Бекмахановтың монографиялық сөбекстерінде де Алтыбай биді Кенесарының өлтіргені айттылған. Бірақ ол сөбектерде Алтыбайды не үшін өлтіргені жұмбак бол кала береді. Орынбор Шекара комиссиясының 1843 жылғы есебінде Алтыбай бидін Кенесары орналасқан өлкеге ойламаған жерден тап болғаны, сол кезде Кенесарының хорунжий Алтыбай Қебековті өз ауылына шакырып, қатығездікпен өлтіргені сипатталады. Кенесары алдымен оның аяғын

шабуга, сосын колын, әрі қарай өртеп денесін маскаралауға бүйрек беріпті дейді. Мұнда да Кенесарының Алтыбайды неңдей күнәсі үшін өлтіргені көрсетілмеген. Жалпы, архив деректеріндегі орыс офицерлері мен олардың жансыздары жазған мәліметтерде хан Кененің патша заңына қайшы қылмыстары, толып жаткан «зиянды істері» жілкө тізіледі. Ал Кенесары ханның Орынбор және Сібір губернаторлығына жазған хаттарында орыс жазалаушы отрядтарының қазак ауылдарына жасаған қанқұйлы жорықтарының нәтижесі корініс тапқан.

Дәп осылай Алтыбай Көбековтің қазасына хан Кенені айыптастын архив деректері де бар. Олар негізінен патша үкіметіне иек арта отырып, Кенесарының күнәсін көбейтіп, әркандай жолмен кек кайтаруды ойластырган топтардың арызы болып келеді. Енді Кенесары Қасымұлының 1844 жылдың 11 қазанында Орынбор шекара комиссиясының председателіне өз істерінің дұрыстығын білдіріп жазған арызындағы мына жолдарға назар аударайық. Онда былай деп көрсетілген: «Жаппас руынан Кобек үғлы Алтыбай Қоқанмен бірге бас қосып, шөмекей тайпасы сарқаска руының Сарман биін өлтіріп еді. Мұның бағытында шөмекей тайпасы Алтыбай бидің ауылдарын шауып, өзін өлтіріпті. Осы айтылған сөздерден сіздің көңіліңізге күмән келеді-дүр. Мұнша істерді өзі қылып, басқа адамдарға айттар-дүр деп. Бұл айтылған істердің растиғына әуелі Құдай, ақыры казак жұртының әрбір жақсыларына маглұм-дүр. Бұл барған молла Баймұханбет Иманшаұғлы бұл істерді көзі көрмесе де, құлағы естіген-дүр» (Құжаттар жинағы, 1996:43). Басқа деректерде де шөмекей Сарман бидің қокандықтардың колынан қаза тапқаны айтылады (Сборник документов, 1996:222) Ал Жанғабылдың ерлігін, Наурызбай нөкерлерінің қазасын таратып баяндайтын Шалжанұлы Ақайдардың Әдебиет және онер институтында сақталған қолжазбасындағы деректер де Алтыбайды шөмекейлердің өлтіргенін растиды (ӘОИ., 311:5).

Демек, хан Кененің сөзі өмір шындығынан алушак емес. Кенесарының айыптаушы

топтардың тіреп айттар уәжі – шөмекейлердің ханды қолдаган руладың санатынан табылуы Ал енді Кенесарының қаракышылар катарында қосып, оның серіктерін ұры қылғанда, Алтыбайдың қазасы үшін ханға кінә артқанда жырлықтары бар ма? Дәстүрлі тарихи жырлардың басым бөлігінде тыныш жаткан слідің берекесін аямақта бекіген іс-әрекеттері сипатталатын. Басты кейіпкердің әрі қарайы амалдарына себеп болатын да осы оқиға-тұғын. «Жасауыл қырғыны» туындысының авторы да Кенесарының өз халқына касірет тарттырган жау кейіпіне көшіре отырып, Жанғабыл Төлөгеновтің кейінгі атқарап істерін актамақ болады. Бірінші тараудағы Наурызбайдың баланы наизага шашықаны, Алтыбайдың отқа өртенуі, т.б. шындыққа жана спайтын детальдар қандастарын қанға бекітірген Жанғабылдың батыр дәрежесіне көтеру үшін ғана кажет. Ақын болған оқиғага отарлаушы жұрттың дүрбісімен қарай отырып, оқырман қауымды өз ұстанымының дұрыстығына сендірмек болады.

Корытынды

Тарихи жырлар халық тарихын мүмкіндігінше өмір шындығына жакындаға бейнелесуге бейім, оқырманды өзінә тарта алатын колайлы жанрдың бірі скендігі мәлім. Оның тарихи шындық пен көркемдік шындықты ұштастыра отырып, өзі бейнелейтін кезеңнің кескін-келбестін жан-жакты ашуда атқаратын ролі зор. «Жасауыл қырғыны» туындысын зерттеп-сараулау, нұсқаларының ерекшеліктері мен тарихи сипаттың анықтау, кенестік идеологияның жыр желісіне қандайлық ықпал-әсері болғандығын көрсету, одан белгілі бір корытындылар жасау өмір қажеттілігінен туындал отырғаны сөзсіз.

Бір ауыз сөзбен түйіндең келгенде, макалада «Жасауыл қырғыны» жырының тарихи-көркемдік болмысы дәйектеліп, варианттарының айрым-өзгешеліктеріне айқындауда берілді. Сөйтіп атальмыш туынды жанрлық белгілері мен өмір шындығына қатысы бойынша төл әдебиетта нұмызыда алғаш рет қарастырылып отыр.

Әдебиеттер

Ахметбеков Н. (1972) Жасауыл қырғыны. Алматы.

ӘОИ, (1936) 311-бума, 4-дәптер.

Жансүтіров I. (2004) Құлагер. Өлеңдер мен дастандар. Алматы.

Из отчета Оренбургской пограничной комиссии, за 1843 г. (1996) / Национально-освободительная борьба казахского народа под предводительством Кенесары Касымова (сборник документов). – Алматы.
«Кенесары-Наурызбай» жыры. (1993). / Хан Кене: Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. Алматы.
Кирабаев С. (1998). Кенес дауіріндегі казак әдебиеті. Алматы.
ОГК (1939). 1327 бума, 5-дәптер.
ОГК (1939). 1329 бума.
Сейфуллин С. (2004). Қоп томдық шығармалар жинағы. Алматы.
Сұлтан Кенесары Қасымұлының 1844 жылы 14 қазанды Орынбор шекара комиссиясының председателіне өз ісінің дүрыстығын билдіріп жазған арызы (1996). / Кенесары Қасымов бастаған казактардың ұлт-азаттық қозғалысы (құжаттар жинағы). Алматы.

References

- Akhmetbekov. N (1972). Zhasaul kirgini [Zhasaul war]. Almaty.
AOI (1936) [ILA 311-pack, 4-notebook].
Zhansugirov I (2004). Kulager. Poema. [Kulager. Poems]. Almaty.
Iz otcheta Orenburgskoj pogranichnoj komissii, za 1843 g. (1996) / Nacional'no-osvoboditel'naja bor'ba kazahskogo naroda pod predvoditel'stvom Kenesary Kasymova (sbornik dokumentov). [From the report of the Orenburg border Commission, 1843 / national liberation struggle of the «Kenesary-Nauryzbay» zhyry. (1993) Han Kene: Tarihi tolgamdar men p'esa, dastandar. ["Kenesary-Nauryzbay" lullaby // Khan Kene: Thoughts on history and Historical Plays, Poems]. Almaty.
Kirabaev S. (1998). Kenes dauirindegi kazak adebieti. [Kazakh Literature of the Soviet period]. Almaty.
OGK (1939). 1327 buma, 5-dapter. [(SCL) UMK folder 1327, 5-notebook].
OGK (1939). 1329 buma. [(SCL) UMK 1329 folfer].
Seifullin S. (2004). Қоп томдық шығармалар zhinagy. [A lot of volumes]. Almaty.
Sultan Kenesary Kasymulyның 1844 zhyly 14 kazanda Orynbor shekara komissijasynyн predsedateline oz isinin dyrstygyn bildirip zhazgan arzy (1996). / Kenesary Kasymov bastagan kazaktardyn ult-azattyk kozgalysy (kuzhattar zhinagy). [14 October, 1844 year the Sultan Kenesary Kasymov, wrote a letter to the Chairman about the correctness of their cause Orenburg border Commission / Kenesary Kasymov headed of Kazakhs national liberation movement (collection of documents)]. Almaty.

МАЗМУНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

1-бөлім Раздел 1 Отан тарихы История Отечества

<i>Омарбеков Т.</i> Ежелгі болгар-славян катынастарының кейбір ерекшеліктері туралы.....	4
<i>Мухатова О.</i> Казак жырауларының шығармаларындағы тарихи ой	12
<i>Құндакбаев Ж.</i> Сталинизм дәүірінің әйел наративтері: Қазақстандағы әйел-белсенділерінің естеліктері.....	18
<i>Козыбакова Ф.</i> Ресей авторларының казак қоғамындағы дәстүрлі билік жүйесіне катысты қозқарастарына тарихнамалық талдау	26
<i>Комеков Б., Султанов Т.</i> «Қазақ» термині және этнонимі	31
<i>Прімбетова Е.</i> Казіргі Қазақстан және Т.Рысқұловтың түркілік рухы	36
<i>Бисенбаев П., Қарібозов Е.</i> «Жасауыл қырғыны» дастаны: нұскалары мен тарихилығы	42
<i>Сабденова Г., Усерова А., Байгұнаков Д.</i> Қазак халқының ұлттық тәрбисендегі қуқықтық сарын	48
<i>Хазретзұлы Турсун, Исин А., Тарапчы В.</i> Қазак-түрік мәдени байланыстарындағы Шәкәрім Құдайбердіұлы	56
<i>Kozybakova F., Dautbekova M.</i> Prospects of cooperation between Kazakhstan and Iran	66
<i>Мекебаев Т., Құмғанбаев Ж.</i> Ақпап тонқерісі және Қазақстандағы Ұакытша үкімет билік органдарының қоғамдық-саяси үйімдармен қарым-қатынасы	74
<i>Игбәева Ж.</i> Работы исследователей о становлении Казахского ханства.....	82
<i>Болатхан Ә.</i> «Айтылған тарих» ғылыми бағытының қалыптасу тарихынан	88
<i>Мовкебаева Г., Айдарханова Э., Есмуханбетова М.</i> Проблемы энергетического сотрудничества в рамках ЕАЭС	94
<i>Бакирланова А.Н.</i> Евразийская идея Президента Нурсултана Назарбаева и ее развитие	100

2-бөлім Раздел 2 Дүниежүзі тарихы Всемирная история

<i>Ашинова Ж., Ерменова Д.</i> Изменение имиджа Японии после распада bipolarной системы международных отношений	106
<i>Ашинова Ж., Абдыкеева С.</i> Особенности восприятия религии в Японии.....	113
<i>Қартабаева Ерке</i> Түркияндағы модернизация үдерісінің діни аспекті	119
<i>Rahil Z.</i> Historical memory of Afghanistan.....	127
<i>Отарбаева А.</i> Жібек матаның «Жібек жолы» тарихындағы манызы	131